

**Құмарова Меруерт Құмарқызының журналистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясат мәселелерінің тиімділігі» атты диссертациялық жұмысы туралы**

**П І К І Р**

Бұл ғылыми еңбекке ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясаттың тиімділігіне қатысты бірқатар мәселелер арқау болған. Бүгінде жұртшылықтың санасында әбден жатталған «ашық қоғам» және «ақпараттық саясат» ұғымдарының мән-маңызы жан-жақты саралап көрсетіліп, олардың өзара байланыстылығы мен ықпалдастығын айқындауға жете мән берілген. Ізденушінің осы мақсаты толық орындалғаны байқалады. Аталған ұғымдарды ақпарат кеңістігіндегі түсінікті термин ретінде орнықтыра түсуге бұл зерттеудің пайдасы тиетіні анық. Оның үстіне диссертация біздің қазіргі қоғамымыздағы аса зәру мәселелерге арналып отыр. Сондай-ақ, Тәуелсіз Қазақстанның саяси тұғырнамасындағы өзекті ұстанымдармен үйлес келетін ой-тұжырымдарды зерттеу жұмысынан көптеп табуға болады. Осыған орай, **біріншіден**, ұсынылып отырған ғылыми еңбектің маңыздылығы жоғары деп санаймыз.

**Екіншіден**, диссертант өз еңбегінің ғылыми аппаратын нықтауға жете мән көңіл бөлген. Яғни, ол еліміздегі және шет елдердегі ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп, олардың пікірлеріне салыстырмалы талдау жасаған. Деректер мен мәліметтерді қолдану мәдениетін жақсы меңгерген, пайдаланған дәйектемелері талапқа сай келеді. Тақырыпқа қатысты материалдар молынан қамтылған.

**Үшіншіден**, ғылыми еңбек атаулының теориялық және тәжірибелік дәрежесі жоғары болуға тиіс. Бұл жағынан да зерттеуші біршама жетістікке жеткен. Ашық қоғам мен ақпараттық саясатты тоғыстыратын әдебиеттердің бәрін қарап, теориялық біліммен тәуір қаруланған. Арғы-бергі зерттеушілердің байлам-байыптамаларын басшылыққа алып, нақты теориялық тұжырымдарын ұсынған. Зерттеудің тәжірибелік жағы да дау тудырмайды. Ақпарат өндірісінде біршама шындалған диссертант өз тақырыбына қатысты республикалық және өңірлік деңгейдегі проблемаларды жетік біледі. Сондықтан ол зерттеу нәтижелерін өндіріске қай тұрғыдан ұсыну қажеттігін де айқын аңғарады.

**Төртіншіден**, ізденуші бұрын түрен түспеген тақырыпты игеруге тырысқандықтан, зерттеудің ғылыми жаңалықтары болуы – заңды нәрсе. Ақпараттық саясат мәселелерінің тиімділігін саралап әрі санамалап беріп, олардың қай тұрғыдан қолайлы екенін нақты көрсету – жаңа көзқарастың, тың тәсілдің жемісі деуге болар. Ғылыми жұмысты орындау барысындағы айқын анықтамалар мен батыл тұжырымдар – іргелі ізденістің нәтижесі.

**Бесіншіден**, еңбектің ғылыми қортындыларын мемлекеттік ақпараттық саясатты жетілдіруге арналған маңызды құжаттарды әзірлеу барысында, журналист мамандарын даярлайтын оқу орнындағы сабақ үдерісінде,

бұқаралық ақпарат өндірісінде жаңашылдық тұрғысынан іргелі қадам жасалған кезде пайдалануға болады.

Алтыншыдан, ақпарат нарығын жетілдіре түсу үшін оны жан-жақты зерттеп-зерделеудің маңызы зор. Сонда ғана ақпараттық саясаттың тиімділігі артып, ашық қоғам орнатудың алғы шарттары қалыптасады. Ақпараттық саясат мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі десек, бұл зерттеу қоғамды ілгерілету ісіне белгілі бір дәрежеде септігін тигізеді десек, қателеспейміз.

Сондықтан, кафедраның мүшесі ретінде диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынуға болады деп санаймын.

Б.Ж.Омаров



ҚР ҰҒА академигі,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор